

# «Инновациялық технологиялар паркі» Дербес кластерлік қорының құпиялылық саясаты

## 1. Жалпы ережелер

1. [«astanahub.com»](http://astanahub.com), ақпараттық жүйесінің, бұдан әрі Жүйе, «Инновациялық технологиялар паркі» Дербес кластерлік қорының мобильді қосымшасы, бұдан әрі Қосымша және Digital Bridge халықаралық форумының сайты, бұдан әрі Сайт деп аталатын осы Құпиялық саясаты, бұдан әрі Саясат, пайдаланушылардың жеке деректерін өңдеудің жалпы шарттарын анықтайды және Жүйедегі және/немесе Қосымшадағы және/немесе Сайттағы және/немесе олардың көшірмелеріндегі клиенттердің шарттарын анықтайды.

1.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Жүйені және/немесе Қосымшаны және/немесе Сайтты пайдалануға арналған пайдаланушылық келісімнің талаптарына сәйкес Жүйені және Қосымшаны өз мүддесінде пайдалануға құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға Жүйені және/немесе Қосымшаны және/немесе Сайтты пайдаланушылар болып табылады.

1.3. «Инновациялық технологиялар паркі» Дербес кластерлік қоры (бұдан әрі мәтін бойынша - Қор) Жүйенің және/немесе Қосымшаның және/немесе Сайттың мекенжайы бойынша Интернет желісінде өзгертілген мәтінді орналастыру арқылы осы саясатты біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

1.4. Пайдаланушылар саясаттағы өзгерістерді өздері қадағалап отыруы керек.

1.5. Жүйені және/немесе Қосымшаны және/немесе Сайтты пайдалана бастағаннан кейін Пайдаланушы осы Саясаттың шарттарын толық көлемде, ешқандай ескертпелерсіз және ерекшеліктерсіз қабылдаған болып саналады. Қандай да бір Ережемен келіспеген жағдайда, пайдаланушы Жүйені және/немесе Қосымшаны және/немесе Сайтты пайдалануға құқылы емес.

1.6. Егер Пайдаланушы осы Саясатпен келіспесе, пайдаланушы Жүйені және/немесе Қосымшаны және/немесе Сайтты пайдалануды тоқтата алады.

## **2. Дербес деректерді өңдеу**

2.1. Қор пайдаланушылардың дербес деректерін келесі мақсаттарда өңдейді:

- Жүйені және/немесе Қосымшаны және/немесе Сайтты пайдалана отырып, қызметтерді және/немесе сервистерді ұсыну;
- пайдаланушыға Жүйенің және/немесе Қосымшаның және/немесе Сайттың жеке ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік беру;
- Пайдаланушымен Кері байланыс орнату, соның ішінде хабарлама жіберу, Жүйе және/немесе Қосымшаны және/немесе Сайтты пайдалануға қатысты сұраулар, қызмет көрсету, пайдаланушыдан сұраулар мен өтінімдерді өңдеу.

2.2. Қор Пайдаланушының дербес деректерін келесі жағдайларда үшінші тарапқа бере алады:

- егер пайдаланушы өз деректерін үшінші тарапқа беруді жүзеге асыруға келісім берсе;
- егер дербес деректерді беру қызметтер мен сервистерді ұсыну үшін қажет болса;
- егер Пайдаланушы операторы үшінші тарап болып табылатын ақпараттық жүйеде қамтылған санкцияланған ақпаратқа қол жеткізу үшін Жүйенің және/немесе Қосымшаның және/немесе Сайттың есептік жазбасын пайдаланса;
- егер дербес деректерді беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген рәсім шеңберінде қажет болса.

2.3. Қор мен пайдаланушы дербес деректердің құпиялылығын, тұтастығын, сақталуын және қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдастырушылық және техникалық шараларды қабылдауға міндетті.

2.4. Пайдаланушылар дербес деректерді Жүйеде, Қосымшада және Сайтта өңдеу мерзіміне шектеусіз келісім береді.

2.5. Пайдаланушының дербес деректерін өңдеу оның есептік жазбасын Жүйеде, Қосымшада және Сайтта бұғаттаған және/немесе мұрағаттаған жағдайда тоқтатылады.

2.6. Пайдаланушылар Жүйедегі, Қосымшадағы және Сайттағы есептік жазбадан өз құпия сөзінің сақталуын дербес қамтамасыз етуге және өз есептік жазбасынан өз құпия сөзіне ұқыпсыз қарау нәтижесінде туындаған, үшінші тұлғалардың өз дербес деректерін заңсыз пайдалану түріндегі жағымсыз салдарлар үшін жауапты болуға міндетті;

2.7. Пайдаланушылар Жүйеде және/немесе Қосымшада және/немесе Сайтта өңделетін Дербес деректер өзгерген жағдайда, егер көрсетілген деректерді автоматты түрде жаңарту мүмкін болмаса, оларды жаңартуға міндетті.

2.8. Пайдаланушы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімді Қордың атына тиісті өтінішпен жүгініп, кері қайтарып алуға құқылы.

### **3. Кері байланыс**

3.1. Жүйе, Қосымша және Сайтта пайдалану бойынша барлық ұсыныстар мен сұрақтарды [1818, +7 7172 73 50 89](tel:+77172735089) телефон нөмірі бойынша хабарлау керек.